



Бекітемін

М.Б.Мырзалиев
2016 ж. «01» қыркүйегі

Мирас университетінде қауіпсіздік, тәртіп және мінез-құлық қағидалары

1. Жалпы ережелер

1.1. Мирас университеті мекемесінің оку және әкімшілік корпустарындағы осы қауіпсіздік, тәртіп және мінез-құлық қағидалары Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына, ҚР Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексіне және Мирас университетінің ішкі ережелеріне сәйкес әзірленген.

1.2. Осы Қағидалардың қолданысы Мирас университетінің барлық қызметкерлері мен білім алушыларына таралады.

1.3. Осы Қағидалардың талаптарын сақтау жөніндегі мәселелерді шешу Мирас университетінің әкімшілік-шаруашылық бөлімі жөніндегі Проректорына жүктеледі.

1.4. ҚР заңнамасындағы қауіпсіздікке және тәртіпке қатысты өзгерістер болған жағдайда Қағидалар қайта қаралуы және Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерінің талаптарына сәйкестікке келтірілуі тиіс.

1.5. Бекітілетін Қағидалардың мақсаты салауатты және қауіпсіз оку ахуалын, оку және жұмыс процесін дұрыс ұйымдастыруды қамтамасыз ету болып табылады.

2. Мирас университетінің білім алушылары мен қызметкерлері:

2.1. Университеттің ішкі еңбек және оку тәртібі қағидаларын, белгіленген қауіпсіздік нормаларының, нұсқаулықтары мен талаптарының жалпы қағидаларын, қауіпсіздік техникасы, санитария және өрт қауіпсіздігі жөніндегі нормаларды сақтауға;

2.2. Университеттің басқа білім алушыларының, оқытушылары мен қызметкерлерінің құқықтарына, ар-оқданы мен қадір-қасиетіне өзара сыйластық танытуға;

2.3. Университеттің мүлкіне ұқыптен қарауға;

2.4. Университеттің аудиториялары мен кабинеттерінде, сондай-ақ оку және әкімшілік корпустарында тазалықты, ұқыптылықты сақтауға;

2.5. Эвакуациялау жоспарымен және тәсілдерімен, шұғыл эвакуациялау жургізген кезде іс-кимылдар тәртібімен танысуға;

2.6. Университет аумағында жазатайым жағдайлар мен апартты жағдайларды тексеруге, тергеуге жәрдемдесуге;

2.7. Ланкестік және экстремистік қауіптілікке байланысты жағдайларға қатысты қырағылық пен азаматтық жауапкершілік танытуға міндетті. ҚР ПМ 2014 ж. 30 қаңтарындағы шығ. № 3-3-9-74/64-И Әдістемелік ұсынымын қарандыз.

3. Мирас университетінің білім алушылары мен қызметкерлері құқылы:

3.1. Университет аумағындағы қауіпсіздікке және тәртіпке байланысты мәселелерді шешу үшін университеттің Қауіпсіздік қызметінің, ӘШБ жөніндегі Проректорының көмегіне жүргінуге.

4. Университет аумағында:

- Арнайы белгіленген жерлерден басқа аумақта темекі шегуге;
- Университет аумағында алкогольдік ішімдіктер ішуге немесе мас күйінде болуга;

- Құмар ойындар ойнауға және үйымдастыруға;
- Есірткілік заттарды тұтынуға және таратуға;
- Нормативтік емес сөздерді пайдалануға;
- Университеттің басқа білім алушылары мен қызметкерлерінің ұлттық, әлеуметтік, діни қатыстырынына, деңе бітіміне байланысты ар-ожданы мен қадір-қасиетіне сыйламаушылық көрсетуге;
- Пиротехникалық құралдарды пайдалануға;
- Қару-жарақтарды, тесетін-кесетін құралдарды, жарылғыш заттарды, женіл тұтанатын және от қауіпті заттарды алып жүргүгізу және сақтауға;
- Рұқсаттама режимі және өрт қауіпсіздігі қағидаларын бұзуға;
- Дыбыс күшейткіш, дыбыс шығаратын аппаратураны рұқсатсыз пайдалануға;
- Діни насиҳат жүргізуге және экстремистік және лаңкестік шараларға қатысуға;
- Оку және жұмыс процесіне кедері келтіретін іс-әрекеттерді жасауға;
- Университеттің материалдық-техникалық базасына қасақана нұқсан келтіруге;
- КР заннамасына қайшы келетін қоғамдық тәртіпті бұзуға бағытталған және қызметкерлер мен білім алушыларға ықтимал нұқсан не болмаса денсаулығына залал келтіретін басқа да құқыққа қайшы іс-әрекеттерге тыйым салынады.

5. Университет құқылы:

- Мираң университеттің Білім алушылары немесе Қызметкерлері осы Қағидалардың 4 тармағын бұзған жағдайда мынадай тәртіптік шараларды қолдануға:

Бұзушылықтың түрі	Бұзушылықты бекіту	Білім алушылар үшін	Қызметкерлер үшін
Бір мэрте бұзушылық	Бұзушылық парагы	2000 теңге	2000 теңге
Қайталап бұзушылық	Бұзушылық парагы	2000 теңге	2000 теңге + сөгіс
Оку жылында 3 және одан көп бұзушылық	Бұзушылық парагы	4000 теңге + I семестерде женілдіктерден айырылу	4000 теңге + еңбек кітапшасына жазылатын сөгіс
Басқа адамдардың қауіпсіздігі мен өміріне қатер төндіретін бұзушылық	Бұзушылық парагы, Университеттің құзырлы жиналысы шешімі	Қайта қабылдау құқығының үниверситеттен шағару	Қайта қабылдау құқығының еңбек шартын бұзу

Бұзушылықтар парагында бұзушылықтарды тіркеу және бірнеше мэрте бұзушылық жағдайларын анықтау үшін бұзушылардың есебін жүргізу міндеті ӘШБ жөніндегі Проректордың бакылауымен Қауіпсіздік қызметінің қызметкерлеріне жүктеледі.

- бұзушылық фактілері мен бұзушылардың деректерін өз еркімен КР уәкілетті органдарына хабарлау
- осы Қағидалардың бұзылу фактілерін тіркеу, сондай-ақ бейнематериалдарды бұзушылықтардың мән-жайларын әрі қарай анықтауға пайдалану үшін бейнебақылауды іске асыру.